Әділет

# Павлодар облысы әкімдігінің 2015 жылғы 9 маусымдағы "Ветеринария саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы" № 170/6 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

*Күшін жойған*

Павлодар облыстық әкімдігінің 2016 жылғы 7 сәуірдегі № 111/3 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 11 мамырда № 5113 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы әкімдігінің 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № 285/5 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы әкімдігінің 25.12.2020 № 285/5 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Заңының 16-бабы 3-тармағына сәйкес Павлодар облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Павлодар облысы әкімдігінің 2015 жылғы 9 маусымдағы "Ветеринария саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламентін бекіту туралы" № 170/6 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4611 болып тіркелген, 2015 жылғы 7 тамызда "Регион.KZ" газетінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген:

"Ветеринариялық анықтамалар беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес;

"Ауыл шаруашылығы жануарларын ветеринариялық паспорт бере отырып бірдейлендіруді жүргізу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес;

"Ветеринария саласындағы қызметпен айналысуға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті осы қаулының 3-қосымшасына сәйкес;

"Жануарларды өсіруді, жануарларды союға дайындауды (союды), сақтауды, өңдеуді және сатуды жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жем және жемазық қоспаларын өндіру, сақтау және сату өткізу бойынша өндіріс объектілеріне тіркеу нөмірлерін беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті осы қаулының 4-қосымшасына сәйкес;

"Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілеріне ветеринариялық-санитариялық қорытынды беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті осы қаулының 5-қосымшасына сәйкес;

"Ветеринария саласында" кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларды аттестаттау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті осы қаулының 6-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Павлодар облысының ветеринария басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамамен белгіленген тәртіпте:

осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

осы қаулы аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелгеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

осы қаулыны Павлодар облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Н.К. Әшімбетовке жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімінің*
*міндетін атқарушы* *Д. Тұрғанов*

Павлодар облысы әкімдігінің
2016 жылғы "7" сәуірдегі
№ 111/3 қаулысына
1-қосымша
Павлодар облысы әкімдігінің
2015 жылғы "9" маусымдағы
№ 170/6 қаулысымен
бекітілді

## "Ветеринариялық анықтамалар беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті

## 1. Жалпы ережелер

1. "Ветеринариялық анықтамалар беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметін ( бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) осы регламенттің 1-қосымшасына сәйкес аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) немесе қағаз түрінде.

3. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – ветеринариялық анықтама не Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 6 мамырдағы № 7-1/418 бұйрығымен бекітілген "Ветеринариялық анықтамалар беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының (бұдан әрі – стандарт) 10-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

Берілген ветеринариялық анықтамалар туралы мәліметтер ақпараттық жүйеге енгізіледі.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: қағаз түрінде.

## 2. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібін сипаттау

4. Көрсетілетін қызметті алушы жүгінген кезде өтініштің және стандарттың 9 -тармағында көзделген құжаттардың болуы мемлекеттік қызметті ұсыну үшін негіздеме болып табылады.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің ( іс-қимылдың) мазмұны:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі көрсетілетін қызметті алушы қажетті құжаттарды тапсырған сәтінен бастап оларды қабылдауды және тіркеуді жүзеге асырады – 30 (отыз) минут;

2) ветеринариялық маман ұсынылған құжаттар негізінде жануарды, жануарлардан алынған өнім мен шикізатты ветеринариялық байқап қарауды жүргізеді, анықтаманы немесе стандарттың 10-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты ресімдейді – жүгінген күннің ішінде;

3) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін береді – 30 (отыз) минут.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету рәсімінің (іс-қимылының) нәтижесі – ветеринариялық анықтама не болмаса мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

## 3. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимыл тәртібін сипаттау

7. Мемлекеттік қызметті көрсету процесіне қатысатын құрылымдық бөлімшелердің (қызметкерлердің) тізбесі:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі;

2) ветеринариялық маман.

8. Әр рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығын көрсете отырып, көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) арасындағы рәсімдердің (іс-қимылдардың) реттілігін сипаттау осы регламенттің 2-қосымшасында келтірілген.

## 4. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде Мемлекеттік корпорациямен және (немесе) өзге де көрсетілетін қызметті берушілермен өзара іс-қимыл тәртібін, сондай-ақ ақпараттық жүйелерді пайдалану тәртібін сипаттау

9. Мемлекеттік қызмет "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы және www.egov.kz " электрондық үкімет" веб–порталы арқылы көрсетілмейді.

"Ветеринариялық анықтамалар
беру" мемлекеттік көрсетілетін
қызмет регламентіне
1-қосымша

## Уәкілетті органның атауы және оның байланыс деректері

| Р/с № | Уәкілетті органның атауы | Байланыс деректері |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| 1. | Павлодар қаласы әкімдігінің Павлодар қаласы ветеринария бөлімінің " Ветеринарлық станциясы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны | Павлодар қаласы, Қамзин көшесі, 352/1-үй, email: vet_otdel.pvl@mail.ru тел. 8 (7182) 577385 |
| 2. | Екібастұз қаласы әкімдігінің Екібастұз қаласы ветеринария бөлімінің " Ветеринарлық станциясы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны | Екібастұз қаласы, Гридин көшесі, 43-үй, email: orvet 888@ mail.ru тел. 8 (7187) 752553 |
| 3. | Ақсу қаласы әкімдігінің Ақсу қаласы ветеринария бөлімінің " Ветеринарлық станциясы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны | Ақсу қаласы, Ленин көшесі, 27-үй, email: Aksuvetstanciya@mail.ru тел. 8 (71837) 68693 |
| | | Актоғай ауылы, 22 Партсъезд көшесі, 14-үй, |

| | | |
|---|---|---|
| 4. | Ақтоғай ауданы әкімдігінің Ақтоғай ауданы ветеринария бөлімінің "Ветеринарлық станциясы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны | email: vet.stanciya@mail.ru ,<br>тел. 8 (71841) 24388 |
| 5. | Баянауыл ауданы әкімдігінің Баянауыл ауданы ветеринария бөлімінің "Ветеринарлық станциясы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны | Баянауыл ауылы, Марғұлан көшесі, 1-үй, email: bayanvetsluba@mail.ru<br>тел.8 (71840) 92357 |
| 6. | Железин ауданы әкімдігінің Железин ауданы ветеринария бөлімінің "Ветеринарлық станциясы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны | Железинка ауылы, Чкалов көшесі, 21-үй, emai: vet-compani @ mail.ru<br>тел 8 (71831) 21558 |
| 7. | Ертіс ауданы әкімдігінің Ертіс ауданы ветеринария бөлімінің "Ветеринарлық станциясы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны | Ертіс ауылы, Бөгенбай көшесі, 97-үй, email: vetirt@mail.ru<br>тел.8 (71832) 21138 |
| 8. | Качиры ауданы әкімдігінің Качиры ауданы ветеринария бөлімінің "Ветеринарлық станциясы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны | Тереңккөл ауылы, Байтұрсынов көшесі, 236-үй, email: Kachvetstan@mail.ru<br>тел. 8 (71833) 24314 |
| 9. | Лебяжі ауданы әкімдігінің Лебяжі ауданы ветеринария бөлімінің "Ветеринарлық станциясы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны | Лебяжі ауылы, Баймолдин көшесі, 4-үй, emai: akkuvet@mail.ru<br>8 (71839) 79011 |
| 10. | Май ауданы әкімдігінің Май ауданы ветеринария бөлімінің "Ветеринарлық станциясы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны | Көктөбе ауылы, Ветпоселок<br>email: vets12@mail.ru<br>тел 8 (71838) 91906 |
| 11. | Павлодар ауданы әкімдігінің Павлодар ауданы ветеринария бөлімінің "Ветеринарлық станциясы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны | Павлодар қаласы, Толстой көшесі,3-үй, email: kqpvetservis@mail.ru<br>тел. 8 (7182) 652071 |
| 12. | Успен ауданы әкімдігінің Успен ауданы ветеринария бөлімінің "Ветеринарлық станциясы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны | Успенка ауылы, Тәуелсіздіктің 10 жылдығы көшесі, 10-үй, email:vetstancij2012@mail.ru<br>тел. 8 (71834) 91531 |
| 13. | Шарбақты ауданы әкімдігінің Шарбақты ауданы ветеринария бөлімінің "Ветеринарлық станциясы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны | Шарбақты ауылы, Ветпоселок, 8/2-үй, emai: otdel_veterinariya@mail.ru<br>тел. 8 (71836) 23509 |

"Ветеринариялық анықтамалар беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне
2-қосымша

## "Ветеринариялық анықтамалар беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің бизнес-процестерінің анықтамалығы




## Шартты белгілер

| | |
|---|---|
|  | мемлекеттік қызмет көрсетудің басталуы немесе аяқталуы |
|  | көрсетілетін қызметті алушы рәсімінің (іс-қимылының) және (немесе) ҚФБ атауы |
| → | келесі рәсімге (іс-қимылға) өту. |

Павлодар облысы әкімдігінің
2016 жылғы "7" сәуірдегі

№ 111/3 қаулысына
2-қосымша
Павлодар облысы әкімдігінің
2015 жылғы "9" маусымдағы
№ 170/6 қаулысымен
бекітілді

# "Ауыл шаруашылығы жануарларын ветеринариялық паспорт бере отырып бірдейлендіруді жүргізу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті

## 1. Жалпы ережелер

1. "Ауыл шаруашылығы жануарларын ветеринариялық паспорт бере отырып бірдейлендіруді жүргізу" мемлекеттік көрсетілетін қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) осы регламенттің 1-қосымшасына сәйкес облыстың, аудандар мен облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы жүзеге асырылады.

Ветеринариялық паспорттан үзінді көшірме алу қажет болған жағдайда өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі;

2) "электрондық үкіметтің" веб-порталы: www.egov.kz, www.elicense.kz ( бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны – электрондық (ішінара автоматтандырылған) немесе қағаз түрінде.

3. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – ауыл шаруашылығы жануарын бірдейлендіру тәсілдерінің бірімен жануарларға ветеринариялық паспорт бере отырып жеке нөмір беру, телнұсқа беру, ветеринариялық паспорттан үзінді көшірме беру.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық/ қағаз түрінде.

## 2. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібін сипаттау

4. Көрсетілетін қызметті алушы жүгінген кезде өтініштің және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 6 мамырдағы № 7-1

/418 бұйрығымен бекітілген "Ауыл шаруашылығы жануарларын ветеринариялық паспорт бере отырып бірдейлендіруді жүргізу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының (бұдан әрі – стандарт) 9-тармағында көзделген құжаттар мемлекеттік қызметті ұсыну үшін негіздеме болып табылады.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің ( іс-қимылдың) мазмұны:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі көрсетілетін қызметті алушы қажетті құжаттарды тапсырған сәтінен бастап оларды қабылдауды және тіркеуді жүзеге асырады – 30 (отыз) минут;

2) көрсетілетін қызметті берушінің ветеринариялық маманы көрсетілетін қызметті алушы тапсырған құжаттарды тексереді, мынадай тәсілдердің бірімен ( сырғалау, таңба басу, чип салу) жануарға жеке нөмір береді, жануардың жеке нөмірін ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендірудің дерекқорына енгізеді, паспорт ресімдейді – көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін алу сәтіне дейін – жүгінген күннің ішінде жүзеге асырылады;

ветеринариялық паспорттан үзінді-көшірме беру – 30 минут ішінде;

сырға (сырғалар) жоғалған, бүлінген (жеке нөмірін айқындау мүмкін емес) кезде, қайталама мемлекеттік қызмет көрсету кезінде жануарға жаңа жеке нөмір бере отыра, көрсетілетін қызметті берушіге сырғалар келіп түскен күнінен бастап - 2 (екі) жұмыс күні ішінде;

ірі қара малдың сырғаларының біреуі жоғалған немесе бүлінген жағдайда, көрсетілетін қызметті берушіге аспалы сырға телнұсқасы келіп түскен күннен бастап - 2 (екі) жұмыс күні ішінде көрсетіледі;

3) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін көрсетілетін қызметті алушыға береді – 30 (отыз) минут.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – ауыл шаруашылығы жануарын бірдейлендіру тәсілдерінің бірімен жануарларға ветеринариялық паспорт бере отырып жеке нөмір беру, телнұсқа беру, ветеринариялық паспорттан үзінді көшірме беру.

## 3. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимыл тәртібін сипаттау

7. Мемлекеттік қызметті көрсету процесіне қатысатын көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлердің) тізбесі:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі;

2) көрсетілетін қызметті берушінің ветеринариялық маманы.

8. Әр рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығын көрсете отырып, көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) арасындағы рәсімдердің (іс-қимылдардың) реттілігін сипаттау осы регламенттің 2-қосымшасында келтірілген.

## 4. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде Мемлекеттік корпорациямен және (немесе) өзге де көрсетілетін қызметті берушілермен өзара іс-қимыл тәртібін, сондай-ақ ақпараттық жүйелерді пайдалану тәртібін сипаттау

9. Мемлекеттік қызмет "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) арқылы көрсетілмейді.

10. Портал арқылы мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті беруші мен көрсетілетін қызметті алушының жүгіну тәртібін және рәсімінің ( іс-қимылының) реттілігін сипаттау:

1) көрсетілетін қызметті алушы ЭЦҚ тіркеу куәлігінің (бұдан әрі - ЭЦҚ) көмегімен порталда тіркелуді жүзеге асырады, ол көрсетілетін қызметті алушы компьютерінің интернет-браузерінде сақталады (порталда тіркелмеген көрсетілетін қызметті алушылар үшін жүзеге асырылады);

2) 1-процесс – көрсетілетін қызметті алушы компьютерінің интернет-браузерінде ЭЦҚ-ның тіркеу куәлігін бекіту, мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін порталға көрсетілетін қызметті алушының паролін енгізу процесі (авторизациялау процесі);

3) 1-шарт – порталда тіркелген көрсетілетін қызметті алушы туралы деректердің түпнұсқалығын логин (жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН) немесе бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН) мен пароль арқылы тексеру;

4) 2-процесс – көрсетілетін қызметті алушының деректерінде бұзушылықтардың болуына байланысты порталда авторизациялаудан бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру;

5) 3-процесс – көрсетілетін қызметті алушының осы регламентте көрсетілген мемлекеттік қызметті таңдауы, электрондық мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салу нысанын экранға шығаруы және оның құрылымы мен форматтық талаптарын ескере отырып, сұрау салу нысанына қажетті құжаттарды электрондық түрде бекіте отырып, көрсетілетін қызметті алушының нысанды толтыруы (деректерді енгізу);

6) 4-процесс – сұрау салуды куәландыруы (қол қою) үшін көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ тіркеу куәлігін таңдауы;

7) 2-шарт – порталда ЭЦҚ тіркеу куәлігінің әрекет ету мерзімін және қайтарып алынған (күші жойылған) тіркеу куәліктерінің тізімінде болмауын, сондай-ақ сұрау салуда көрсетілген ЖСН/БСН және ЭЦҚ тіркеу куәлігінде көрсетілген ЖСН/БСН арасындағы сәйкестендіру деректеріне сәйкес келуін тексеру;

8) 5-процесс – көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ түпнұсқалығының расталмауына байланысты сұрау салынатын мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру;

9) 6-процесс – мемлекеттік қызметті көрсетуге арналған сұрау салудың толтырылған нысанын (енгізілген деректерді) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ арқылы куәландыруы (қол қоюы);

10) 7-процесс – көрсетілетін қызметті берушінің агроөнеркәсіптік кешенінің салаларын басқарудың "e-Agriculture" бірыңғай автомат-тандырылған жүйесі ( бұдан әрі – ББАЖ АЖ) порталынан алынған көрсетілетін қызметті алушының өтінішін өңдеуі;

11) 3-шарт – көрсетілетін қызметті берушінің қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушы қоса берген, Стандартта көрсетілген құжаттардың сәйкестігін және негіздер бойынша тексеруі (өңдеуі);

12) 8-процесс – ББАЖ АЖ-да көрсетілетін қызметті алушының деректерінде бұзушылықтардың болуына байланысты сұратылып отырған қызметтен бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру;

13) 9-процесс – көрсетілетін қызметті алушының ББАЖ АЖ-да қалыптастырылған қызмет нәтижесін алуы. Электрондық құжат көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының ЭЦҚ-ын пайдалана отырып қалыптастырылады.

Портал арқылы мемлекеттік қызметті берушінің қадамдық іс-қимылы мен шешімі осы регламенттің 3-қосымшасында келтірілген.

11. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) рәсімдер (іс-қимылдар) реттілігін және мемлекеттік қызмет көрсету процесінде ақпараттық жүйелерді қолдану тәртібін толық сипаттау осы регламенттің 4-қосымшасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығында көрсетіледі.

"Ауыл шаруашылығы
жануарларын ветеринариялық
паспорт бере отырып
бірдейлендіруді жүргізу"
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет регламентіне
1-қосымша

# Уәкілетті органның атауы және оның байланыс деректері

| Р/с № | Уәкілетті органның атауы | Байланыс деректері |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| 1. | Павлодар қаласы әкімдігінің Павлодар қаласы ветеринария бөлімінің " Ветеринарлық станциясы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны | Павлодар қаласы, Қамзин көшесі, 352/1- үй, email: vet_otdel.pvl@mail.ru тел. 8 (7182) 577385 |
| 2. | Екібастұз қаласы әкімдігінің Екібастұз қаласы ветеринария бөлімінің " Ветеринарлық станциясы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны | Екібастұз қаласы, Гридин көшесі, 43-үй, email: orvet 888@ mail.ru тел. 8 (7187) 752553 |
| 3. | Ақсу қаласы әкімдігінің Ақсу қаласы ветеринария бөлімінің " Ветеринарлық станциясы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны | Ақсу қаласы, Ленин көшесі, 27-үй, email: Aksuvetstanciya@mail.ru тел. 8 (71837) 68693 |
| 4. | Ақтоғай ауданы әкімдігінің Ақтоғай ауданы ветеринария бөлімінің " Ветеринарлық станциясы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны | Ақтоғай ауылы, 22 Партсъезд көшесі, 14-үй, email: vet.stanciya@mail.ru, тел. 8 (71841) 24388 |
| 5. | Баянауыл ауданы әкімдігінің Баянауыл ауданы ветеринария бөлімінің " Ветеринарлық станциясы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны | Баянауыл ауылы, Марғұлан көшесі, 1-үй, email: bayanvetsluba@mail.ru тел.8 (71840) 92357 |
| 6. | Железин ауданы әкімдігінің Железин ауданы ветеринария бөлімінің " Ветеринарлық станциясы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны | Железинка ауылы, Чкалов көшесі, 21-үй, emai: vet-compani @ mail.ru тел 8 (71831) 21558 |
| 7. | Ертіс ауданы әкімдігінің Ертіс ауданы ветеринария бөлімінің " Ветеринарлық станциясы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны | Ертіс ауылы, Бөгенбай көшесі, 97-үй, email: vetirt@mail.ru тел.8 (71832) 21138 |
| 8. | Качиры ауданы әкімдігінің Качиры ауданы ветеринария бөлімінің " Ветеринарлық станциясы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны | Тереңккөл ауылы, Байтұрсынов көшесі, 236-үй, email: Kachvetstan@mail.ru тел. 8 (71833) 24314 |
| 9. | Лебяжі ауданы әкімдігінің Лебяжі ауданы ветеринария бөлімінің " Ветеринарлық станциясы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны | Лебяжі ауылы, Баймолдин көшесі, 4-үй, emai: akkuvet@mail.ru 8 (71839) 79011 |

| | | |
|---|---|---|
| 10. | Май ауданы әкімдігінің Май ауданы ветеринария бөлімінің "Ветеринарлық станциясы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны | Көктөбе ауылы, Ветпоселок email: vets12@mail.ru тел 8 (71838) 91906 |
| 11. | Павлодар ауданы әкімдігінің Павлодар ауданы ветеринария бөлімінің "Ветеринарлық станциясы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны | Павлодар қаласы, Толстой көшесі, 3-үй, email: kqpvetservis@mail.ru тел. 8 (7182) 652071 |
| 12. | Успен ауданы әкімдігінің Успен ауданы ветеринария бөлімінің "Ветеринарлық станциясы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны | Успенка ауылы, Тәуелсіздіктің 10 жылдығы көшесі, 10-үй, email:vetstancij2012@mail.ru тел. 8 (71834) 91531 |
| 13. | Шарбақты ауданы әкімдігінің Шарбақты ауданы ветеринария бөлімінің "Ветеринарлық станциясы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны | Шарбақты ауылы, Ветпоселок, 8/2-үй, emai: otdel_veterinariya@mail.ru тел. 8 (71836) 23509 |

"Ауыл шаруашылығы
жануарларын ветеринариялық
паспорт бере отырып
бірдейлендіруді жүргізу"
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет регламентіне
2-қосымша

# Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібін сипаттау

| Негізгі процестің (жұмыс барысының, ағымының) іс-қимылы | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Іс-қимылдың (жұмыс барысының, ағымының) № | 1 | 2 | 3 |
| 2 | Атауы | Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі | Көрсетілетін қызметті берушінің ветеринариялық маманы | Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі |
| 3 | Іс-қимылдың (процестің, рәсімнің операцияның) атауы және сипаттамасы | Құжаттарды қабылдауды және оларды тіркеуді жүзеге асырады | Көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттарды тексереді | Журналда тіркейді |
| 4 | Аяқтау нысаны (мәліметтер, құжат, | Құжаттарды қабылдаған күні мен уақыты көрсетілген тіркеу туралы өтініштің көшірмесін | Мынадай тәсілдердің бірімен (сырғалау, таңба басу, чип салу) жануарға жеке нөмір береді, жануардың жеке нөмерін ауыл шаруашылығы жануарларын | Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін көрсетілетін қызметті |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | ұйымдастыру-әкімдік шешім) | көрсетілетін қызметті алушыға береді | бірдейлендірудің дерекқорына енгізеді, паспорт ресімдейді | алушыға береді |
| 5 | Орындау мерзімдері | 30 (отыз) минут | 1) көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін алу сәтіне дейін – жүгінген күннің ішінде жүзеге асырылады; ветеринариялық паспорттан үзінді-көшірме беру – 30 минут ішінде; 2) сырға (сырғалар) жоғалған, бүлінген (жеке нөмірін айқындау мүмкін емес) кезде, қайталама мемлекеттік көрсетілетін қызмет кезінде, жануарға жаңа жеке нөмір бере отыра , көрсетілетін қызметті берушіге сырғалар келіп түскен күнінен бастап - 2 (екі) жұмыс күні ішінде; 3) ірі қара малдың сырғаларының біреуі жоғалған немесе бүлінген жағдайда, көрсетілетін қызметті берушіге аспалы сырға телнұсқасы келіп түскен күннен бастап - 2 ( екі) жұмыс күні ішінде | 30 (отыз) минут |

"Ауыл шаруашылығы
жануарларын ветеринариялық
паспорт бере отырып
бірдейлендіруді жүргізу"
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет регламентіне
3-қосымша

# Портал арқылы мемлекеттік қызмет көрсету кезінде функционалдық өзара іс-қимыл диаграммасы




# Шартты белгілер:

| | |
|---|---|
|  | Бастапқы хабарлама<br>- |
|  | Соңғы хабарлама |
|  | Аралық хабарлама |
|  | Қателік |
|  | Ақпараттық жүйе |
|  | Процесс |
|  | Шарт |
|  | Басқару ағыны |
|  | Хабарлама ағыны |
|  | Түпкі алушыға ұсынылатын электрондық құжат |

"Ауыл шаруашылығы
жануарларын ветеринариялық

паспорт бере отырып
бірдейлендіруді жүргізу"
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет регламентіне
4-қосымша

# "Ауыл шаруашылығы жануарларын ветеринариялық паспорт бере отырып бірдейлендіруді жүргізу" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің бизнес-процестерінің анықтамалығы




## Шартты белгілер:

| | |
|---|---|
| | мемлекеттік қызмет көрсетудің басталуы немесе аяқталуы |
| | көрсетілетін қызметті алушы рәсімінің (іс-қимылының) және (немесе) ҚФБ атауы |
| → | келесі рәсімге (іс-қимылға) өту |

Павлодар облысы әкімдігінің
2016 жылғы "7" сәуірдегі
№ 111/3 қаулысына
3-қосымша
Павлодар облысы әкімдігінің
2015 жылғы "9" маусымдағы
№ 170/6 қаулысымен
бекітілді

## "Ветеринария саласындағы қызметпен айналысуға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті

## 1. Жалпы ережелер

1. "Ветеринария саласындағы қызметпен айналысуға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін кызмет) "Павлодар облысының ветеринария басқармасы" мемлекеттік мекемесі тұлғасында жергілікті аткарушы орган (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі;

2) www.egov.kz, www.elicense.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны – электрондық (ішінара автоматтандырылған) немесе қағаз түрінде.

3. Мемлекеттік кызметті көрсету нәтижесі – ветеринария саласындағы қызметпен айналысуға лицензия және (немесе) лицензияға қосымша, оны қайта ресімдеу, лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның телнұсқасы не Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 6 мамырдағы № 7-1/418 бұйрығымен бекітілген "Ауыл шаруашылығы жануарларын ветеринариялық паспорт бере отырып бірдейлендіруді жүргізу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының (бұдан әрі – стандарт) 10-тармағында көрсетілген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық түрде.

Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген жағдайда мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі электрондық форматта ресімделеді, басып шығарылады және мөрмен расталады және көрсетілетін қызметті беруші басшысының қолы қойылады.

Көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы жүгінген жағдайда мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі – ЭЦҚ) қойылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

## 2. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимылдар тәртібін сипаттау

4. Көрсетілетін қызметті алушы өтініш берген кезде, өтініштің және мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көзделген құжаттардың болуы мемлекеттік қызметті ұсынуға негіз болып табылады.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің ( іс-қимылдың) мазмұны, оны орындау ұзақтығы:

1) лицензия және (немесе) лицензияға қосымша берген кезде – 15 (он бес) жұмыс күні:

көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі көрсетілетін қызметті алушы қажетті құжаттарды ұсынған сәттен бастап, оларды қабылдауды және тіркеуді жүзеге асырады – 30 (отыз) минут;

көрсетілетін қызметті берушінің басшылығы кіріс құжаттаманы қарайды, жауапты орындаушыны белгілейді және бұрыштама қояды – 1 (бір) жұмыс күні;

көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаларды ресімдейді және лицензияға қол қою үшін басшылыққа тапсырады, немесе стандарттың 10-тармағында көрсетілген жағдайларда және негіздер бойынша лицензияны немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты басшылыққа қол қоюға жібереді – 12 (он екі) жұмыс күні;

көрсетілетін қызметті берушінің басшылығы лицензияға қол қояды және көрсетілетін қызметті алушыға лицензия немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап беру үшін жауапты орындаушыға жолдайды – 1 (бір) жұмыс күні;

көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін береді – 30 (отыз) минут;

2) лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеген кезде – 3 (үш) жұмыс күні:

көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі көрсетілетін қызметті алушы қажетті құжаттарды ұсынған сәттен бастап оларды қабылдауды және тіркеуді жүзеге асырады – 30 (отыз) минут;

көрсетілетін қызметті берушінің басшылығы кіріс құжаттаманы қарайды, жауапты орындаушыны белгілейді және бұрыштама қояды – 1 (бір) жұмыс күні;

көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдейді және лицензияға немесе стандарттың 10-тармағында көрсетілген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапқа қол қою үшін басшылыққа тапсырады – 1 (бір) жұмыс күні;

көрсетілетін қызметті берушінің басшылығы лицензияға қол қояды және көрсетілетін қызметті алушыға лицензия немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап беру үшін жауапты орындаушыға жолдайды – 30 (отыз) минут;

көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін береді – 30 (отыз) минут;

3) лицензияның телнұсқасын және (немесе) лицензияның қосымшасын берген кезде – 2 (екі) жұмыс күні:

көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі көрсетілетін қызметті алушы қажетті құжаттарды ұсынған сәттен бастап, оларды қабылдауды және тіркеуді жүзеге асырады – 30 (отыз) минут;

көрсетілетін қызметті берушінің басшылығы кіріс құжаттарды қарайды, жауапты орындаушыны айқындайды және бұрыштама қояды – 2 (екі) сағаттан аспайды;

көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді, лицензияның телнұсқасын және (немесе) лицензияның қосымшаларын ресімдейді және лицензияға немесе стандарттың 10 -тармағында көрсетілген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапқа қол қою үшін басшылыққа тапсырады – 1 (бір) жұмыс күні;

көрсетілетін қызметті берушінің басшылығы лицензияға қол қояды және көрсетілетін қызметті алушыға лицензия немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап беру үшін жауапты орындаушыға жолдайды – 30 (отыз) минут;

көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі мемлекеттік көрсетілетін қызметінің нәтижесін береді – 30 (отыз) минут.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету рәсімінің (іс-қимылының) нәтижесі – жануарлардан алынатын өнім мен шикізатқа ветеринариялық-санитариялық сараптама жасау қызметімен айналысуға лицензия және (немесе) лицензияға қосымша, оны қайта ресімдеу, лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның телнұсқасы не мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағымен қарастырылған жағдайларда және негіздерде мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

## 3. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимыл тәртібін сипаттау

7. Мемлекеттік қызметті көрсету процесіне қатысатын құрылымдық бөлімшелердің (қызметкерлердің) тізбесі:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы;

3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы.

8. Әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) орындалу уақытының ұзақтығын көрсете отырып, құрылымдық бөлімшелер (қызметкерлер) арасындағы рәсімінің ( іс-қимылдың) реттілігі мен өзара іс-қимылының сипаттамасы осы регламенттің 1 -қосымшасында келтірілген.

## 4. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде Мемлекеттік корпорациямен және (немесе) өзге де көрсетілетін қызметті берушілермен өзара іс-қимыл ету тәртібін, сондай-ақ ақпараттық жүйелерді пайдалану тәртібін сипаттау

9. Мемлекеттік қызмет "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы арқылы көрсетілмейді.

10. Көрсетілетін қызметті алушы порталға құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері:

лицензия және (немесе) лицензияға қосымша берген кезде – 15 (он бес) жұмыс күні;

лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеген кезде – 3 (үш) жұмыс күні;

лицензияның телнұсқасын және (немесе) лицензияның қосымшасын берген кезде – 2 (екі) жұмыс күні.

11. Портал арқылы мемлекеттік қызметті көрсету кезінде жүгіну тәртібінің сипаттамасы:

1) тұтынушы компьютерінің интернет-браузерінде сақталатын өзінің электрондық цифрлық қолтаңбасының тіркеу куәлігінің көмегімен электрондық үкімет порталында (бұдан әрі - ЭҮП) тіркеуді жүзеге асырады (ЭҮП-де тіркелмеген тұтынушылар үшін жүзеге асырылады);

2) 1-процесс - ЭЦҚ тіркеу куәлігін тұтынушы компьютерінің интернет-браузеріне бекіту, қызметті алу үшін тұтынушының парольды ЭҮП-ге енгізу процесі (авторландыру процесі);

3) 1-шарт – тіркелген тұтынушы туралы деректердің дұрыстығын логин жеке сәйкестендіру нөмірі немесе бизнес сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН/БСН) мен пароль арқылы ЭҮП-де тексеру;

4) 2-процесс – тұтынушының деректеріндегі бұзушылықтарға байланысты авторландырудан бас тарту туралы хабарламаны ЭҮП-те қалыптастыру;

5) 3-процесс – тұтынушының осы регламентте көрсетілген қызметті таңдауы, қызметті көрсетуге арналған сұрау салу нысанын экранға шығару және оның құрылымы мен форматтық талаптарын ескере отырып, сұрау салу нысанына қажетті құжаттарды электронды түрде бекіте отырып, сұрау салу нысанына қажетті құжаттарды электронды түрде бекіте отырып, тұтынушының нысанды толтыруы (деректерді енгізуі);

6) 4-процесс – электрондық үкіметтің төлем шлюзінде (бұдан әрі - ЭҮТШ) қызметке ақы төлеу, бұдан кейін төлем туралы ақпарат мемлекеттік деректер базасының ақпараттық жүйесіне (бұдан әрі – "Е-лицензиялау" МДБ АЖ) келіп түседі;

7) 2-шарт – "Е- лицензиялау" МДБ АЖ-да қызметті көрсету үшін төлем фактісін тексеру;

8) 5-процесс – "Е-лицензиялау" МДБ АЖ-да қызмет көрсету үшін төлемнің болмауына байланысты, сұратылатын қызметтен бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру;

9) 6-процесс – тұтынушының ЭЦҚ тіркеу куәлігін сұрау салуды куәландыру үшін таңдауы (қол қоюы);

10) 3-шарт – ЭЦҚ тіркеу куәлігінің қолданылу мерзімін және кері қайтарылған (жойылған) ЭЦҚ тіркеу куәліктерінің тізімінде болмауын, сондай-ақ сұрау салуда көрсетілген ЖСН/БСН және ЭЦҚ тіркеу куәлігінде көрсетілген ЖСН/БСН арасында сәйкестендіру деректерінің сәйкестігін ЭҮП-де тексеру;

11) 7-процесс – тұтынушының ЭЦҚ түпнұсқалығының расталмауына байланысты, сұратылатын қызметтен бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру;

12) 8-процесс – қызметті көрсетуге сұрау салудың толтырылған нысанын ( енгізілген деректерін) тұтынушының ЭЦҚ арқылы куәландыру (қол қою);

13) 9-процесс – электрондық құжатты (тұтынушының сұрау салуын) " Е-лицензиялау" МДБ АЖ-да тіркеу және "Е-лицензиялау" МДБ АЖ-да сұрау салуды өңдеу;

14) 4-шарт – тұтынушының біліктілік талаптарына және лицензия беру негіздеріне сәйкестігін қызмет берушінің тексеруі;

15) 10-процесс – "Е-лицензиялау" МДБ АЖ-да тұтынушы деректерінде бұзушылықтардың болуына байланысты, сұратылатын қызметтен бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру;

16) 11-процесс – тұтынушының ЭҮП қалыптастырған қызмет нәтижесін ( электрондық лицензияны) алуы. Электрондық құжат қызмет берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ пайдалана отырып қалыптастырылады.

12. Портал арқылы мемлекеттік қызметті көрсету кезінде қатыстырылған ақпараттық жүйелердің функционалдық өзара іс-қимылы осы регламенттің 2-қосымшасына сәйкес диаграммада келтірілген.

13. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде рәсімдер (іс-қимылдар) реттілігінің, көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимылдарының толық сипаттамасы, сондай-ақ, мемлекеттік қызмет көрсету процесінде ақпараттық жүйелерді қолдану тәртібінің сипаттамасы осы регламенттің 3-қосымшасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығында көрсетіледі.

"Ветеринария саласындағы
қызметпен айналысуға
лицензия беру"
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет регламентіне
1-қосымша

## Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібін сипаттау

1) лицензия және (немесе) лицензияға қосымша берген кезде:

| № | Іс-қимылдың (жұмыс барысының, ағынының) № | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1. | Бірлік атауы | Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі | Көрсетілетін қызметті берушінің басшысы | Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы | Көрсетілетін қызметті берушінің басшысы | Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі |
| 2. | Іс-қимылдың (процестің, рәсімнің операцияның) атауы және сипаттамасы | Құжаттарды қабылдауды және оларды тіркеуді жүзеге асырады | Жауапты орындаушыны белгілейді | Ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаларды немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты ресімдейді | Лицензияға немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапқа қол қояды | Көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік көрсетілетін қызметінің нәтижесін береді |
| | | Құжаттарды қабылдаған күні мен | | Лицензияға немесе | Көрсетілетін қызметті алушыға лицензия | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 3. | Аяқтау нысаны ( мәліметтер, құжаттар , ұйымдастыру-өкімдік шешім) | уақыты көрсетілген тіркеу туралы өтініштің көшірмесін көрсетілетін қызметті алушыға береді | Бұрыштама қояды | мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапқа қол қою үшін басшылыққа тапсырады | немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап беру үшін жауапты орындаушыға жолдайды | Көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін береді |
| 4. | Орындау мерзімі | 30 (отыз) минут | 1 (бір) жұмыс күні | 12 (он екі) жұмыс күні | 1 (бір) жұмыс күні | 30 (отыз) минут |
| | | 15 (он бес) жұмыс күні | | | | |

2) лицензия және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеген кезде:

| № | Іс-қимылдың (жұмыс барысының, ағынының) № | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1. | Бірлік атауы | Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі | Көрсетілетін қызметті берушінің басшысы | Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы | Көрсетілетін қызметті берушінің басшысы | Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі |
| 2. | Іс-қимылдың ( процестің, рәсімнің операцияның) атауы және сипаттамасы | Құжаттарды қабылдауды және оларды тіркеуді жүзеге асырады | Жауапты орындаушыны белгілейді | Ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаларды немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты ресімдейді | Лицензияға немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапқа қол қояды | Көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін береді |
| 3. | Аяқтау нысаны ( мәліметтер, құжаттар , ұйымдастыру-өкімдік шешім) | Құжаттарды қабылдаған күні мен уақыты көрсетілген тіркеу туралы өтініштің көшірмесін көрсетілетін қызметті алушыға береді | Бұрыштама қояды | Лицензияға немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапқа қол қою үшін басшылыққа тапсырады | Көрсетілетін қызметті алушыға лицензия немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап беру үшін жауапты орындаушыға жолдайды | Көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін береді |
| | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 4. | Орындау мерзімі | 30 (отыз) минут | 1 (бір) жұмыс күні | 1 (бір) жұмыс күні | 30 (отыз) минут | 30 (отыз) минут |
| | | 3 (үш) жұмыс күні | | | | |

3) лицензияның телнұсқасын және (немесе) лицензияға қосымшасын берген кезде:

| № | Іс-қимылдың (жұмыс барысының, ағынының) № | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1. | Бірлік атауы | Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі | Көрсетілетін қызметті берушінің басшысы | Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы | Көрсетілетін қызметті берушінің басшысы | Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі |
| 2. | Іс-қимылдың ( процестің, рәсімнің операцияның) атауы және сипаттамасы | Құжаттарды қабылдауды және оларды тіркеуді жүзеге асырады | Жауапты орындаушыны белгілейді | Ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді, лицензияның телнұсқасын және (немесе) лицензияға қосымшаларды немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты ресімдейді | Лицензияға немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапқа қол қояды | Көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін береді |
| 3. | Аяқтау нысаны ( мәліметтер, құжаттар , ұйымдастыру-өкімдік шешім) | Құжаттарды қабылдаған күні мен уақыты көрсетілген тіркеу туралы өтініштің көшірмесін көрсетілетін қызметті алушыға береді | Бұрыштама қояды | Лицензияға немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапқа қол қою үшін басшылыққа тапсырады | Көрсетілетін қызметті алушыға лицензия немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап беру үшін жауапты орындаушыға жолдайды | Көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін береді |
| 4. | Орындау мерзімі | 30 (отыз) минут | 2 (екі) сағаттан аспайды | 1 (бір) жұмыс күні | 30 (отыз) минут | 30 (отыз) минут |
| | | 2 (екі) жұмыс күні | | | | |

"Ветеринария саласындағы
қызметпен айналысуға
лицензия беру"
мемлекеттік көрсетілетін

қызмет регламентіне
2-қосымша

# Портал арқылы мемлекеттік қызметті көрсету кезінде қатыстырылған ақпараттық жүйелердің функционалдық өзара іс-қимыл диаграммасы




# Шартты белгілер

| | |
|---|---|
| | Бастапқы хабарлама |
| | Аяқталған хабарлама |
| | Қарапайым аяқталған оқиғалар |
| | Қате |
| ИС | Ақпараттық жүйе |
| Процесс | Процесс |
| Условие | Шарт |
| | Хабарлар ағыны |
| | Басқару ағыны |
| | Түпкі алушыға ұсынылатын электрондық құжат |

"Ветеринария саласындағы
қызметпен айналысуға
лицензия беру"
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет регламентіне
3-қосымша

## "Ветеринария саласындағы қызметпен айналысуға лицензия беру" мемлекеттік қызметті көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы

1) лицензия және (немесе) лицензияға қосымша берген кезде




2) лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеген кезде




3) лицензияның телнұсқасын және (немесе) лицензияға қосымшаны берген кезде




# Шартты белгілер

| | |
|---|---|
| | мемлекеттік қызмет көрсетудің басталуы немесе аяқталуы |
| | көрсетілетін қызметті алушы рәсімінің (іс-қимылының) және (немесе) ҚФБ атауы |
| | келесі рәсімге (іс-қимылға) өту |
| | таңдау нұсқасы |

Павлодар облысы әкімдігінің
2016 жылғы "7" сәуірдегі
№ 111/3 қаулысына
4-қосымша
Павлодар облысы әкімдігінің

2015 жылғы "9" маусымдағы
№ 170/6 қаулысымен
бекітілді

## "Жануарларды өсіруді, жануарларды союға дайындауды (союды), сақтауды, өңдеуді және сатуды жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жем және жемазық қоспаларын өндіру, сақтау және сату бойынша өндіріс объектілеріне тіркеу нөмірлерін беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті

## 1. Жалпы ережелер

1. "Жануарларды өсіруді, жануарларды союға дайындауды (союды), сақтауды , өңдеуді және сатуды жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жем және жемазық қоспаларын өндіру, сақтау және сату бойынша өндіріс объектілеріне тіркеу нөмірлерін беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) "Павлодар облысының ветеринария басқармасы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру:

1) осы регламенттің 1-қосымшасына сәйкес ауданның және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – ветеринария бөлімдері) арқылы;

2) www.egov.kz, www.elicense.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны – электрондық (ішінара автоматтандырылған) немесе қағаз түрінде.

3. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – жануарларды өсіруді, жануарларды союға дайындауды (союды), сақтауды, өңдеуді және сатуды жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жем және жемазық қоспаларын өндіру, сақтау және сату бойынша өндіріс объектілеріне тіркеу нөмірлерін беруді растау (бұдан әрі – растама) немесе берілген тіркеу нөмірін қайта ресімдеу, немесе Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 6 мамырдағы № 7-1/418 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының (бұдан әрі - стандарт) 10-тармағымен қарастырылған жағдайлар мен негіздер бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтен бас тарту туралы дәлелді жауап.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну түрі: электрондық түрде.

Растама электрондық нысанда ресімделеді, басып шығарылады, қол қойылады және мөрмен расталады.

Көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсету көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында жолданады.

## 2. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібін сипаттау

4. Көрсетілетін қызметті алушы өтініш берген кезде өтініштің және стандарттың 9-тармағында көзделген құжаттардың болуы мемлекеттік қызметті ұсынуға негіз болып табылады.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің ( іс-қимылдың) мазмұны, оны орындау ұзақтығы:

көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі көрсетілетін қызметті алушы қажетті құжаттарды ұсынған сәттен бастап, қабылдауды және оларды тіркеуді жүзеге асырады – 30 (отыз) минут;

көрсетілетін қызметті берушінің басшылығы кіріс құжаттаманы қарайды, жауапты орындаушыны белгілейді және бұрыштама қояды – 1 (бір) жұмыс күні ішінде;

көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы стандарттың 9-тармағында көзделген тізбеге сәйкес ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді, немесе стандарттың 10-тармағымен қарастырылған негіздер бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтен бас тарту туралы дәлелді жауап дайындайды – 2 (екі) жұмыс күні ішінде.

"Павлодар облысының ветеринария басқармасы" құжаттар топтамасы келіп түскен күннен бастап тіркеу нөмірін беру туралы растау шығарады және ветеринария бөліміне жібереді – 2 (екі) жұмыс күні ішінде.

ветеринария бөлімінің жауапты орындаушысы расталған сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде оны көрсетілетін қызметті алушыға жібереді;

жүзеге асыратын қызмет түрінің өзгеруіне әкеп соқтырмайтын өндіріс объектісі атауы және/немесе ұйымдастырушылық-құқықтық нысаны өзгерген жағдайда көрсетілетін қызметті беруші тіркеу нөмірін қайта ресімдейді және растама береді – 5 (бес) жұмыс күні ішінде;

көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі көрсетілетін қызметті алушы қажетті құжаттарды ұсынған сәттен бастап, қабылдауды және оларды тіркеуді жүзеге асырады – 30 (отыз) минут;

көрсетілетін қызметті берушінің басшылығы кіріс құжаттаманы қарайды, жауапты орындаушыны белгілейді және бұрыштама қояды – 1 (бір) жұмыс күні ішінде;

көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы стандарттың 9-тармағында көзделген тізбеге сәйкес ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді және тіркеу нөмірін беру туралы көрсетілетін қызметті берушіге сұрау жібереді немесе стандарттың 10-тармағымен қарастырылған негіздер бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтен бас тарту туралы дәлелді жауап дайындайды – 2 (екі) жұмыс күні ішінде:

